

ВИРУСТЫҚ А ГЕПАТИТТІҢ АЛДЫН АЛУ

**Вирустық А
гепатит
- бауырдың
жұқпалы ауруы.**

Гепатит А-ның вирусы адам ағзасына су, тамақ, кір қол және лас ыдыс аяқ, үй керек жарақтары арқылы түседі.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

- қайнатылған немесе өз шөлмегіңдегі суды ішу;
- суға арнайы бөлінген жерде шомыл, шомылған кезде суды жұтпа;
- көкөністер мен жемістерді жақсылап, мұқият жуып жегін;
- тамақ ішер алдында, ойыннан, дәретханадан кейін қолыңды сабындап жууды әдетке айналдыр;
- қаламдар мен қарындаштарды, тырнақтарыңды тістелеп, аузыңа салма.

АУРУДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ:

- дене қызуының көтерілуі;
- әлсіздік, дімкәстік;
- оң қабырғаның асты мен асқазан аумағының ауруы;
- тәбеттің төмендеуі;
- жүректің айнуы, кейде құсу;
- зәрдің түсінің қоңырлануы;
- үлкен дәреттің түсінің ағаруы;
- терінің және көз ағының сарғаюы, кейде сарғаю болмауы да мүмкін.



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
Министрлігінің
тапсырысы бойынша

**Егерде гепатит А ауруының кез келген белгісі
байқалса, шұғыл түрде дәрігерге көрін!**

ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢ - ӨЗ ҚОЛЫҢДА